



келтіру, аса құнды құжаттарды анықтау, қорраптау, тізімдемелерді қайта өңдеу, жетілдіру, каталогтандыру, дезинфекция жасау сияқты жұмыстар үздіксіз жүргізіледі. Қоймадағы құнды құжаттарға жоғары жауапкершілікпен қарау барлық архившілерге тән ортақ міндет.

Ұлттық архив қорындағы құжаттарды толықтыру аясында «Ұлы Отан соғысының ардагерлері», «Зеренді ауданының интернационалист жауынгерлері» және Зеренді ауданының Құрметті азаматтары мен еңбек озаттарының жеке тектік құжаттар топтамасынан құралған қорлар мен аудан тарихынан сыр шертетін фото құжаттар бойынша қорлар ашылып, құжаттар қабылданып сақталуда.

Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру мәселесін де көтерген. Соған орай бүгінгі таңда құнды құжаттарды цифрлық нысанға көшіру жұмыстары жүйелі негізде атқарылып келеді. Аталған жұмыс бойынша 53 іс-қағаздың 918 парақ цифрлық форматқа көшірілді.

Архив құжаттары тарихи дерек ретінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына тигізер әсері мол. Сондықтан өткен тарихи кезеңдерді зерттеп білу үшін архив құжаттарына сүйенеміз. Аудандық архивтің мамандары жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұраныстарына, яғни жұмыс өтілін, жалақы мөлшерін, отбасының құрамын, білімін, марапатталғанын, зейнетақы жарнасы мен әлеуметтік төлемдердің аударылуын, мәліметтерді растау туралы анықтамалар дайындайды. Мемлекеттік қызметті автоматтандыруға байланысты www.egov.kz «Электрондық үкімет» порталы, «Е-акимат» автоматтандырылған базасы қосылған, сондай-ақ архивте келушілер үшін «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» бар. Жалпы архивтің негізгі бағыттарының бірі құжаттарды пайдалану, яғни құжаттарды көрмелер арқылы халыққа насихаттау, таныстыру, баспаға

жариялау, әлеуметтік сұраныстарды орындау. Өтініш білдірушілер қатарында Ресей, Украина, Беларусь, Германия, Татарстан, Башқұртстан сияқты елдерден жылына шамамен 2000-ға жуық сұраныс түсіп отырады.

Сонымен қатар аудан аумағындағы мемлекеттік мекемелерде, ұйымдарда архив қоры құжаттарын жүйелі және ведомстволық сатыда сапалы сақталуын қамтамасыз ету мақсатында әдістемелік-тәжірибелік көмек жыл бойы көрсетіледі және нормативтік-құқықтық заңнамаларға сәйкес семинарлар өткізіліп тұрады.

1998 жылы 22 желтоқсанда «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңы жарық көрді. Архивтің жаңа дәуіріне, оның өркендеуі мен дамуына айқын жол ашқан осы заңның талаптарына сай жұмыс істеу біздің міндетіміз әрі мұратымыз деп білеміз. Қазіргі таңда архив саласына айрықша көңіл бөлініп, құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдауда – қолданыстағы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заң жобасына бүгінгі күн талабына сай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және оны Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде мемлекет қорғайды. Еліміздегі барлық архивтер төл заң аясында атқарылған барлық қызметтерін айқындаған және мемлекет пен азаматтар мүддесін абыроймен атқарып келеді. Кең байтақ еліміздің әр даласының, әрбір тасының өшпес тарихы бар. Соны жинақтау, сақтау және қорғау әрбір архившінің борышы.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген Зеренді ауданының мемлекеттік архиві қызметіне 30 жыл толуына орай, аудандық архив ардагерлерінің, ақиқатты аңға, құндылықты құсқа жем қылмай, шындыққа шаң жуытпай сақтап отырған әріптестерімнің еңбектеріне толағай табыс, отбасыларына амандық, шаңырақтарына шаттық тілеймін. Елге сіңіріп еңбегіміз көп болсын!

Резюме

Статья посвящена 30-летию образования государственного архива Зерендинского района Акмолинской области. В статье излагаются основные этапы становления и развития архивной службы района в период с 1991 года по настоящее время. Приведены сведения о первых руководителях архива и ветеранах архивной службы, а также информация о составе и содержании архивных фондов.

Summary

The article is dedicated to the 30th anniversary of the state archive of Zerendina district of Akmola region. The article describes the main stages of the formation and development of the archival service of the district from 1991 to the present. Information about the first leaders of the archive and veterans of the archive service, as well as information about the composition and content of archival funds